

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ЖАНЫНДАҒЫ ҮЙІРМЕ ҰЖЫМДАРЫНЫҢ ЕСЕПТІК КОНЦЕРТІ

«Voice» вокал үйірмесі
«Сағаран» эстрадалық үйірмесі
«Шертер» думбыра үйірмесі
«Добрыя үйі» Кобая үйірмесі
«Тығамал әуен» жетіген үйірмесі
«Добрыя әуен» шеберлік үйірмесі
«Құлаққағасы» вокал үйірмесі
«Ақсерік» сөздік гитаралық үйірмесі
29 қараша (сенбі) 11:00
Қоғамдық-мәдени орталық
Ұлттан би «Қауқар» тобы
@qoshy_qmo
«АВ-Карама» тобы

Қадірлі көрермен! 29 қарашада сағат 11:00-де Қоғамдық мәдени-спорт кешенінде Қосшы қаласы Мәдениет үйі жанындағы үйірме ұжымдарының есептік концерті өтеді. Бұл шара барысында алдарыңда күмбірлеген күй, мың бұралған би, әуелете шырқалған ән орындалады. Керемет кештің қонағы болыңыздар!

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ МӘДЕНИ-СПОРТ КЕШЕНІ

КАЗАХИ SHOW CONCERT
KOSHY QALASY
NURBEK SALAMATOV
ЖЕКЕ ШАРА
КЕШ
КЕШОНАҚТАРЫ
ӘДІЛЕТ ЖАУҒАШАР | АЙГҰЛ ИМАНБАЕВА
+7 702 535 59 18

Қосшы қаласының тұрғындары және қала қонақтары! Сіздерді 30 қарашада сағат 19:30-да Қоғамдық мәдени-спорт кешенінде өтетін Нұрбек Саламатовтың «Қазақи той-шоу концертіне» шақырамыз. Кеш қонақтары: Әділет Жауғашар, Айгүл Иманбаева. Әнге, көңіл-күйге, ұлттық рухқа толы кешті бірге тамашалаңыздар! Қосымша сұрақтар бойынша: 8702 535 59 18.

ҚОСШЫ ҚОСШЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ

10 ЖЕЛТОҚСАН 18:00

Жансырым
ҚАЗАҚИ ШОУ
ШАҒАРМАЛЫҚ КЕШ
ЖАНДАРБЕК БУЛҒАКОВ
СЫРЫМ ДҮЕЗХАН

Құрметті Қосшы қаласының және Тайтөбе ауылының тұрғындары! 10 желтоқсанда сағат 18:00-де қаладағы Қоғамдық мәдени-спорт кешенінде белгілі айтыскерлер Жандарбек Бұлғақов пен Сырым Дүезхан «Жансырым» атты рухани-әзіл кешін өткізеді. Айтыс сахнасында танылған қос талант бұл жолы әзіл орындап, ән айтып, көрермендермен импровизациялық көріністер ойнайды. Көріп, көзайым болыңыздар!

КРОССВОРД 7-БЕТТЕ

№46 (185)
22 ҚАРАША СЕНБІ 2025 ЖЫЛ
ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ 22 АҚПАНЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaña Bastau

www.janabastau.kz

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

LRT-ның ұзартылуы Қосшыдағы баспана бағасына әсер ете ме?

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановқа журналистер тарапынан «LRT желісінің Қосшыға дейін ұзартылуына байланысты тұрғын үй бағасы қымбаттай ма?» және «Қалаға халық көптеп келе ме?» деген сұрақтар қойылды. Әкімнің айтуынша, қалаға қоныс аудару қазірдің өзінде артып келеді.



Бұл ретте өңір басшысы Қосшы қаласының өмір сүруге қолайлы аймаққа айналып жатқанын алға тартты. Ал LRT – жаңа даму нүктесі. «Қосшы толыққанды серіктес қалаға айналып отыр. Астанаға өте үлкен көші-қон жүріп жатыр. Трафикті азайтып, LRT-ны қалаға дейін ұзарту туралы шешім қабылдағаны үшін Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекке алғыс айтамыз. Станция қаланың аумағында орналасады. Бұл – бізді әрі қарай дамуға ынталандыратын факторлардың бірі. Қосшы көркейіп келеді», – деді Марат Ахметжанов. Сондай-ақ ол LRT іске қосылғаннан кейін Қосшыда баспана бағасының қалай болатынын «Тұрғын үй бағасы – нарық. Мен оны реттей алмаймын», – деп қысқа қайырды. Еске сала кетсек, оған дейін Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек LRT желісі Қосшыға дейін кеңейтілетінін хабарлаған еді. Оның айтуынша, күн сайын Қосшыдан елордаға 15-20 мың автокөлік кіріп-шығады. Ал ол дегеніңіз қалалық жолдарға айтарлықтай салмақ түсіреді. Енді LRT-ның өзіне келсек, 29 қыркүйекте Астанада оның сынамалық пайдалануы басталған еді. Сол сәтте СТС компаниясының баспасөз қызметі қалалықтарға эстакада мен жолға шығудың өміріне қауіпті екенін ескертті. Сондай-ақ биыл көктемде Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек LRT-дағы бірреттік жолақы 100-200 теңге шамасында болуы мүмкін екенін айтқан болатын.

ҚЫСҚА-НҮСҚА

Қосшы қаласы әкімдігінің бастамасымен қалада заңсыз сауда нүктелеріне рейд жұмыстары жалғасып жатыр. Осы жолы да бірнеше заңсыз сауда орны анықталды. Заңсыз сауда жүргізіп отырған азаматтар инженерлік желілерге де рұқсатсыз қосылып, қала бюджетіне орасан шығын келтірген. Барлық факті бойынша құжаттар жинақталып, тиісті органдарға ары қарай шара қолдану үшін жолданды. Мұндай рейдтік жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табады.

21-22 қараша аралығына Қосшы қаласындағы ALAN дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде 2014-2015 жылы туған қыздар арасында республикалық волейбол турнирі ұйымдастырылды. Турнирдің мақсаты – жас спортшылардың шеберлігін шыңдау, талантты волейболшыларды анықтау, командалар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту, сондай-ақ облыстық және республикалық чемпионаттарға дайындықты пысықтау. Турнирдің салтанатты ашылуы 21 қарашада сағат 12:00-де өтті. Жарысқа Қарағанды, Өскемен, Петропавл, Қосшы қалаларының, сондай-ақ Ақмола облысының әртүрлі аудан-қалаларынан келген жас волейболшылары қатысып отыр.

Қосшы қаласының әкімдігінде Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Ақмола облысы бойынша департаментіне қарасты мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Нұрсұлтан Шығырымбек мемлекеттік қызметкерлер үшін семинар өткізді. Семинардың тақырыбы – «Мемлекеттік қызметтер көрсету барысында туындайтын даулы жағдайларда Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті қолдану». Іс-шара барысында негізгі талаптар түсіндіріліп, даулы жағдайларды шешудің заңды тетіктері, қызмет көрсетудің ашықтығы мен тиімділігін арттыру жолдары талқыланды. Мұндай шаралар мемлекеттік қызмет сапасын арттыруға, тұрғындармен жұмысты күшейтуге және қызмет көрсету мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

ҚАЛАНЫ ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ АЯҚТАЛЫП ҚАЛДЫ

Қосшы қаласында электр желілерін салу жұмыстары қарқынды түрде жүріп жатыр. Бұл жоба қаланың оңтүстік бөлігі және 19, 20-шағын аудандарда тұратын шамамен 3 мың тұрғын үшін электр қуатының тұрақтылығын арттыруға және сапалы жарықпен қамтамасыз етуге бағытталған.

2023 жылы облыстық бюджет есебінен жобаның барлық құжаттамасы әзірленіп, жалпы құны 2,9 млрд теңге бекітілді. Сол құжаттар негізінде 2025 жылы құрылыс-монтаждау жұмыстарын «Инсект» ЖШС қолға алды. Сонымен қатар жұмыстардың сапасын бақылау үшін арнайы техникалық және авторлық қадағалау ұйымдары белгіленген. Қазір құрылыс жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр. Қалаға жаңа электр бағандары орнатылып, темірбетон құрылымы құрастырылып жатыр. Бұрғылау жұмыстары жүргізіліп, қажетті шоғырсымдар тартылды. Сондай-ақ трансформаторлық қосындыларға арналған іргетастар да дайындалу үстінде. Бүгінде жалпы жұмыстың 27 пайызы аяқталған. 753 дана СВ 95-2 және 202 дана СВ 105-5 электр бағаны орнатылды. Қуаты жоғары СИП шоғырсымының 5 шақырымы тартылды. Бұл жұмыстар аяқталған соң, қаладағы жарық беру сапасы айтарлықтай жақсарады. Жобаның тапсырыс берушісі – Қосшы қаласының құрылыс бөлімі. Мердігер – «Инсект» ЖШС. Қадағалаушы ұйымдар – «Redline Pro» ЖШС және «Мерей-Тайынша» ЖШС. Құрылыс биыл шілдеде басталған болатын. Ал толық аяқталуы желтоқсан айына жоспарланған. Жалпы, бұл жоба Қосшы қаласының дамуына үлкен серпін береді. Жаңа аудандарда тұратын тұрғындар үшін жарықтың сапасы жақсарып, электр қуатының тұрақтылығы қамтамасыз етіледі.



Қосшы қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі

ИНВЕСТИЦИЯНЫ ИГЕРУ ИГІЛІГІ

Қосшы қаласында кәсіпкерлік саласы жыл сайын қарқынды дамып, тұрақты өсім көрсетіп келеді. Оған мысал ретінде біз соңғы 5 жылдағы жетістіктің нақты фактілерін жіктеп жеткізуді жөн көрдік.

2021 жылы қалада 1 549 шағын және орта бизнес субъектісі тіркеліп, олардың 1 396-сы белсенді жұмыс істеген.

2022 жылы бұл көрсеткіш айтарлықтай артып, тіркелген кәсіпкерлер саны 2 386-ға жетті. Оның 2 237-сі нақты қызмет атқарды.

2023 жылы да кәсіпкерлік әлеуеті кеңейе түсті. Атап айтқанда, 2 840 бизнес субъектісі тіркелген. Олардың басым бөлігі белсенді жұмыс істеді.

2024 жылы бизнес қауымдастығы жана деңгейге көтерілді. Сол сәтте 3 857 кәсіпкерлік нысаны тіркеліп, оның 3 632-сі тұрақты қызмет көрсетті.

2025 жылдың қаңтар-қазан айларында тіркелген кәсіпкерлер саны 4 551-ге жетіп, олардың 4 306-сы белсенді жұмыс істеп, қала экономикасының дамуына елеулі үлес қосты.

Қосшыдағы инвестициялық ахуал да оң тұрақты динамиканы көрсетіп отыр.

2021 жылы негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі 20,8 млрд теңгені қамтыды.

2022 жылы бұл көрсеткіш 31,7 млрд теңгеге дейін өсіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда, 152% болды.

2023 жылы инвестициялар 45,6 млрд теңгеге жетті.

2024 жылы 46,4 млрд теңгені қамтыды.

2025 жылдың қаңтар-қазан айларында негізгі капиталға 40 млрд теңге инвестиция тартылып, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 107,6% көрсеткішті қамтыды. Жыл соңына дейін бұл көлем 65 млрд теңгеге жетеді деп күтіліп отыр. Бұл қаланың экономикалық әлеуетінің тұрақты нығайғанын дәлелдейді.

Әлеуметтік-экономикалық белсенділіктің маңызды бағыттарының бірі – ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін өткізу.

2022 жылы қалада 18 жәрмеңке ұйымдастырылып, 77 млн теңгенің өнімі сатылды.

2023 жылы 26 жәрмеңке өтіп, сауда көлемі 135,4 млн теңгені қамтыды.

2024 жылы 20 жәрмеңке өткізіліп, жалпы өнім сату көлемі 10,5 млн теңге болды.

2025 жылдың қаңтар-қазан айларында 6 жәрмеңке ұйымдастырылып, шамамен 12 млн теңге көлемінде өнім сатылды.

Бұл – жергілікті кәсіпкерлерді қолдаудың және қала экономикасының жандана түсуінің айқын көрінісі.

Қосшы қаласындағы кәсіпкерлік пен инвестициялық белсенділік экономиканың тұрақты дамуына және тұрғындар әлауқатының артуына елеулі үлес қосып отыр.

Тарихи мұралардың жылжымалы көрмесі – Қосшы қаласында

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы Қосшы қаласындағы Орталықтандырылған кітапхана жүйесінде «Ұлы дала тарихының жазба мұралары» атты жылжымалы көрме ұйымдастырды.

Шараның негізгі мақсаты – ұлттық жазба мұраларын кеңінен таныстыру, тарихи сана-ны көтеру және жас ұрпақтың өткенге деген қызығушылығын арттыру.

Көрмеге Ұлттық орталықтың қорында сақталған аса құнды жәдігерлер қойылды. Олардың қатарында VIII-IX ғасырларға жататын руникалық графикамен жазылған көне түркі тіліндегі жазбалар, X-XIII ғасырлардағы Қарахан мемлекеті дәуіріне тән деректер, XIII-XV ғасырлардағы Алтын Орда кезеңінің тарихи материалдары және XV-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы тұсындағы араб, парсы, шағатай тілдерінде хатқа түскен сирек қолжазбалар бар. Бұл жәдігерлер түркі әлемінің мемлекетшілдік тарихына бастап, рухани-мәдени дамуына дейінгі көптеген құнды мәліметті қамтиды.

Сонымен қатар көрме барысында оқырмандар мен кітапхана қызметкерлеріне төте жазумен, латын қарпімен басылған әдеби-

еттер, шағын форматтағы көне кітаптар, тарихи-мәдени маңызы зор басылымдар таныстырылды. Кітаптардың мазмұны, жазылу ерекшеліктері мен олардың шыққан кезеңінің тарихи контексті туралы кең ақпарат берілді.

Іс-шара барысында орталық мамандары көрменге көне қолжазбалардың тарихи маңызын, олардың ғылыми зерттелуін, реставрациялану жолдарын және сақталу талаптарын түсіндіріп өтті. Мұндай құнды мұраларды сақтаудың ұлттық мәдениеттің өлшеусіз байлығын келешек ұрпаққа жеткізудің маңызды қадамы екені атап өтілді.

Көрме жергілікті тұрғындар мен жастардың зор қызығушылығын тудырып, ұлт тарихына деген танымдық көзқарасты кеңейтуге ықпал етті.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі



ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ АҚЦИЯСЫ

«Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында Қосшы қаласы прокуратурасының үйлестіруімен қалалық полиция бөлімі, жергілікті атқарушы органдар, коммуналдық қызмет өкілдері, қалалық мәслихат депутаттары және ерікті тұрғындардың қатысуымен жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған апталық профилактикалық акция ұйымдастырылды.



Акцияның негізгі мақсаты – қала тұрғындары мен қонақтарын жол қозғалысы қауіпсіздігін қатаң сақтауға шақыру, көлік жүргізу мәдениетін арттыру, сондай-ақ жол-көлік оқиғаларының санын азайту үшін кешенді алдын алу шараларын күшейту.

Апта бойы жүргізілетін іс-шаралар барысында қала аумағында көлік құралдарының жылдамдық режимін сақтау деңгейі бақылауға алынып, жүргізушілердің қысқы маусымға сай шиналар орнатуы тексеріледі.

Сонымен қатар жаяу жүргіншілер өткелдерінің көрінуі, жарықтандырылуы және жолаушылар қозғалысының қа-

уіпсіздігіне ерекше назар аударылып, тұрғындарға түсіндіру жұмыстары, жадынамалар тарату және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған кездесулер өткізіліп жатыр.

Қосшы қаласының прокуратурасы әрбір азаматтың жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауы – өз өмірі ғана емес, айналасындағылардың да қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты кепілі екенін ескертеді. Заң талаптарын сақтау, жауапкершілікті сезіну және қоғамдық тәртіпке бейжай қарамау – қауіпсіз қаланың негізі.

Қосшы қаласының прокуратурасы

ПЕШ ҚОЛДАНУДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Әдетте күн суытып, жылыту маусымы басталған кезде электр жылыту құралдары мен пештердің ақауы немесе оларды орнату және пайдаланудағы өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзушылық салдарынан болатын өрттердің саны күрт артады. Тілсіз жаудың алдын аламын десеңіз, төмендегі қауіпсіздік қағидаларын сақтаңыз.

Жылу беру маусымы басталар алдында пештер тексеріліп, жөндеуі керек. Жарамсыз пештер мен басқа от жағу құралдары пайдалануға жіберілмейді. Жеке меншік үйлерде жылыту кезеңінің алдында және 3 ай сайын түтіндіктер мен мұржаларды күйден тазарту қажет. Пештің алдындағы еденге көлемі 50×70 см темір қаңылтыр қағылмаған жағдайда, пешті пайдалануға болмайды. Пештерді қатты қыздыруға және қатты отынмен жағылатын пештерге жанар-жағармай, басқа да тез жанатын сұйықтықтарды пайдалануға болмайды.

Пеште от жағу кезінде мыналарға тыйым салынады:

- от жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға, сонымен қатар кішкентай балаларға қарауға тапсыруға;

- отынды, басқа жанғыш заттар мен материалдарды пеш алдындағы қаңылтырға қоюға;

- пешті шамадан тыс қыздыруға.

Егер сіз электр жылыту пешін пайдалансаңыз, мына қағидаларды білуіңіз қажет:

- электр жылытқыштар тек зауытта жасалған болуы қажет;

- электр жылытқыштарды жанғыш заттар мен жабуға, олардың үстіне кір кептіруге болмайды;

- қосылған құралдарды үнемі бақылау қажет, үйден кеткен кезде оларды міндетті түрде өшіру керек.

Уақытша металл пештерді орнатқанда, мынадай өрт қауіпсіздігі талаптарының толық орнатылғанына көз жеткізіңіз:

- металл пештердің аяқтарының ұзындығы 0,2 метрден аз болмауы керек;

- пештің астындағы жанғыш едендер саз балшықпен жапсырылған кірпіш қатарымен немесе үсті болат қаңылтырмен жабылған, қалыңдығы 12 см асбест қатты қағазымен оқшаулануы керек;

- металл пештерді ағаш құрылымдар мен жиһаздан 1 метр, жанудан қорғалған құрылымдардан 0,7 метр қашықтықта орнату керек.



Пеш жағумен байланысты өрттердің себебі – мұржада жиналатын күйенің жануынан қабырғаларының қызу салдарынан мұржаның кірпіш қалауында пайда болатын жарықтар.

Айтылған ережелер жеңіл және оңай іске асады. Осыларды бұлжытпай орындау Сіздің үйіңізді, отбасыңыз бен туысқандарыңыздың және жақын адамдарыңыздың өмірі мен денсаулығын өрттен сақтайды.

Төтенше жағдайлар мен оқиғалар кезінде «101», «102» телефондарына хабарласуларыңызды сұраймыз.

ҚАРАШАДАҒЫ ЖҰҚА МҰЗҒА ШЫҚПАҒАН ЖӨН

Ақмола облысының тұрғындары қараша айының суық күндері басталысымен өзендер мен көлдердің, каналдардың бетіне жұқа мұз қатқанын байқап жүр. Алайда есте сақтайтын маңызды жайт, алғашқы мұз – ең қауіпті кезең. Бұл уақытта су бетінде пайда болған мұз қабаты әлі толық қатаймаған, қалыңдығы жеткіліксіз. Сондықтан су айдынына шығу адамның өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіреді.

Азаматтық қорғау органдарының деректері бойынша, жыл сайын дәл осы күз-қыс кезеңінде адамдардың мұзға ойнап шығатын балалар мен жасөспірімдер – қауіп аймағында. Олар көбіне қауіптің нақты деңгейін бағалай алмайды. Соның салдарынан қайғылы жағдайларға тап болуы мүмкін.

Қосшы қаласының ТЖБ қызметкерлері төмендегі қауіпсіздік ережелерін сақтауды қатаң ескертеді:

- адам қауіпсіз шығуы үшін мұздың қалыңдығы кемінде 7-10 сантиметр болуға тиіс;

- мөлдір, көкшіл мұз – ақшыл, түтілген немесе қабыршақ мұзға қарағанда әлдеқайда берік;

- мұзға жалғыз шығуға болмайды,

әрдайым жаныңызда тағы бір адам болғаны дұрыс;

- егер мұз сықырлап, жарылып немесе беті су болып тұрса, бірден кері қайтыңыз. Бұл оның салмақты көтермейтінін көрсетеді.

Ата-аналардың назарына:

- балаларға күн сайын түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, қатпаған немесе жұқа мұзда ойнауға қатаң тыйым салыңыз;

- балаларыңыздың қайда жүргенін үнемі бақылап отырыңыз, олардың қауіпсіздігіне бейжай қарамаңыз;

- қажет болған жағдайда су айдындары маңынан аулақ болу жөнінде қосымша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Есіңізде болсын, төтенше жағдай туындағанда, алдымен 112 нөміріне қоңырау шалу керек. Құтқарушылар мүмкіндігінше тез жетуге тырысады, бірақ қауіптің алдын алу – әр адамның өз қолында.

Қазір мұз әлі өте жұқа. Оның беріктігі табиғи жағдайларға тәуелді және күн сайын өзгеруі мүмкін. Қызығушылық немесе сәл ғана сақтықсыз әрекеттің арты орны толмас қайғыға әкеп соғуы ықтимал.

Өзіңіздің де, жақындарыңыздың да өмірін қатерге тікпеңіз, қауіпсіздікті әрдайым бірінші орынға қойыңыз.

Қосшы қаласының ТЖБ

ҚОСШЫЛЫҚТАР ЖАС ФЕЛЬДШЕРДІ АҚТЫҚ САПАРҒА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Қызметтік борышын өтеу кезінде қайғылы жағдайда қаза тапқан жедел жәрдем фельдшері Ұлдана Мырзуанды туған-туыстары мен әріптестері Қосшы қаласында соңғы сапарға шығарып салды. Қоштасу рәсіміне Ұлттық ұлан өкілдерінің де қатысуы марқұмның ерлігі мемлекет тарапынан мойындалғанын көрсетеді.



Имам құран бағыштап, ер адамдар зиратқа аттанса, әйелдер қауымы ас беру рәсіміне қатысты. Жүрегі қарс айырған жақындары мен әріптестері көз жастарына ерік берді.

Осы орайда марқұмның анасы Эльза Ерманова қызының өз мамандығын саналы түрде таңдағанын айтты.

«Ол адамдарға көмектесуді өте жақсы көрді және үнемі пайдалы болуға ұмтыл-

ды. Ұлдана өте мейірімді әрі жанқияр қыз болатын», – дейді заржылаған ана.

Еске сала кетсек, Ұлдана Мырзуан ауыр жарақатты 8 қарашада Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 24Б мекенжайындағы шақырту кезінде алған болатын. Таңғы сағат 10:30 шамасында ол жедел көмекке мұқтаж адамға жәрдемдесіп тұрған. Қауіпсіз жерге ауысуға мүмкіндігі болса да пациентінің

жанынан кетпей, оған көмектесуді жалғастырған. Дәл осы кезде оның үстіне 9-қабаттан кірпіш қаптамасы мен кондиционер блогы құлап түскен.

Ауыр жарақат алған 23 жастағы фельдшер дереу ауруханаға жеткізілді. Дәрігерлер 10 күн бойы оның өмірі үшін күресті. Алайда 18 қарашада Ұлдана Мырзуан ауыр жарақаттан көз жұмды. Ерлігі мен кәсібіне адалдығы үшін

президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Ұлдана Мырзуан «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

«Мемлекет басшысының Жарлығымен қызметтік борышын үлгілі атқарғаны, қиын-қыстау жағдайда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін Астана қалалық жедел медициналық жәрдем станциясының фельдшері Ұлдана Қалдарханқызы Мырзуан (марқұм) «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды», – деп жазылды Ақорда ақпаратында.

Оның жанқиярлық әрекетін Денсаулық сақтау вице-министрі Тимур Мұратов та жоғары бағалады. Сондай-ақ Астана қаласының әкімдігі марқұмның отбасына жан-жақты қолдау көрсетілетінін мәлімдеді. Атап айтқанда, материалдық көмек көрсету, жерлеу рәсімінің шығындарын толық өтеу, сондай-ақ заңмен белгіленген тәртіпте сақтандыру төлемдерін төлеу қарастырылған.

Айта кетсек, Ұлдана фельдшер болып 5 жыл жұмыс істеген. Ал тұрмысқа бірнеше апта бұрын ғана шыққан. Жолдасы Әділет Зейнел де дәрігер. Оның

айтуынша, Ұлдана оқыс оқиға болған күні жаралы 2 адамды алып шығып үлгерген. Одан кейін тағы бір адамды көтеріп жатқан сәтте жоғарыда үзіліп кеткен кондиционер оның басына түскен.

«Шаңырағымға сән, тіршілігіме мән болдың. Маңдайыма сыймадың ба, періштем? Сен менің мәңгі жүрегімдесің!» – деп тебіренді қайғыдан қан жұтқан күйеуі.

Сондай-ақ ол істің әділ тергелуін талап етті.

«Ешқандай медаль да, ешқандай сөз де менің жүрегімнің иесін қайтара алмайды. Үйіме нұр, құт-береке әкелген адал жарымды жоқтап отырған кезде көңіл айтып, тілек білдірген бүкіл қазақ еліне алғыс айтамын. Осы күнге дейін жанында болып, Алладан оның жүрегін аман алып қалуды тілеп, дұға еттім. Ендігі тілегім – соттың әділ өтуі, тергеудің таза жүргізілуі. Құдай қосағыма тыныштық беру үшін бұл істі соңына дейін жеткізіуім керек. Жауаптылар міндетті түрде жазасын алуға тиіс», – дейді Әділет Зейнел.

Талаптылардың танымын кеңейткен зияткерлік сайыс



Ұлттық валюта күніне орай, Қосшы қаласы Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Теңге тарихы – ел тарихы» атты зияткерлік сайыс өтті. Шараға қала мектептерінің жоғары сынып оқушылары қатысып, ұлттық валютаның қалыптасу кезеңдері, экономикалық реформалар және теңгенің қазіргі даму үрдісі туралы білімдерін сынады.

Іс-шараның мақсаты – жастардың ұлттық валюта тарихына деген қызығушылығын арттыру, отандық экономиканың негіздерін тереңірек түсіндіру, сондай-ақ командалық рухты, логикалық ойлау мен тапқырлық қабілеттерін дамыту.

Бұл ретте шараның басты бағыты ұлттық валютаның ел тәуелсіздігін нығайтудағы рөлі мен тарихи маңызын жас буынға жеткізу болды. Сол себепті қатысушылар бірнеше кезеңдік тапсырмалар бойынша жарысып, теңгенің шығу тарихы, алғашқы банкноттардың ерекшелігі, қазақ қаржы жүйесіндегі маңызды даталар мен экономикалық өзгерістер туралы сұрақтарға жауап берді. Осылайша, сайыс жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылар үшін танымдық әрі тартысты форматта өтті.

Шара қорытындысында жеңімпаздар былайша анықталды:

І орын иегері – Мектеп-гимназияның 9 «Г» сынып оқушысы Ұлағат Базар;

ІІ орын иегері – Тайтөбе ЖОББ мектебінің 10 «А» сынып оқушысы Ермағанбет Мәжіт;

ІІІ орын иегері – Мектеп-гимназияның 9 «А» сынып оқушысы Меруерт Болатқызы;

Тағы бір ІІІ орын иегері – Тайтөбе ЖОББ мектебінің 10 «Ә» сынып оқушысы Диляра Қобдыбекова.

Жеңімпаздарды шын жүректен құттықтай отырып, шараға белсене қатысып, өз білімін көрсеткен барлық жасқа алғыс білдіреміз. Ұлт тарихын құрметтейтін, білімге құштар жастар көбейе берсін!

Осы орайды сайысқа қатысқан оқушылардың бірі өз әсерін бөлісті.

«Бүгінгі шара маған ерекше ұнады. Бір ойында біздің теңге жөнінде бұрын білмеген көптеген ақпаратты біліп алдым. Ұлттық валютаның қаншалықты терең тарихы бар екенін түсіндім. Осындай танымдық сайыстар бізге өте қажет», – деді ол.

Жастар заң алдындағы жауапкершілікті сезінді

«Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында Қосшы жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен орган қызметкерлері мен жастардың «Цифрлық дәуірдегі заң мен тәртіп» атты кездесуі өтті. Іс-шараға қала жастары, мектеп оқушылары, белсенділер мен құқық қорғау саласының мамандары қатысты.

Кездесудің негізгі мақсаты – жастардың құқықтық сауатын арттыру, цифрлық қоғамдағы жаңа қауіптерді түсіндіру және әрбір азаматтың заң талаптарын орындаудың маңыздылығын кеңінен насихаттау. Бүгінгі технологиялық ортада құқықтық мәдениетті қалыптастырудың қоғам дамуының ажырамас бөлігі екені белгілі. Сондықтан ұйымдастырушылар осындай шараны жастар арасында жүйелі түрде өткізіп тұруды жоспарлап отыр.

Спикер ретінде ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының доценті, PhD докторы Артур Баймаханов шақырылды. Ол заң үстемдігі, азаматтық жауапкершілік, жеке деректерді қорғау, интернеттегі алаяқтық пен киберқауіпсіздік мәселелері жөнінен жан-жақты ақпарат берді.

Сондай-ақ Артур Әлішерұлы цифрлық заманның жаңа міндеттерін атап өтіп, онлайн кеңістікте әрбір азаматтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде құқықтық сауаттың рөлі зор екеніне тоқталды.

Кездесу барысында жастар көкейдегі сауалдарын қойып, құқық қорғау саласының өзекті бағыттары бойынша нақты әрі мазмұнды жауаптар алды. Спикер мен жастар арасындағы ашық диалог іс-шараның тәрбиелік құнын арттыра түсті.

Шараға қатысқан оқушылардың бірі – Қосшы ІТ мектебінің 11-сынып оқушысы өз пікірін білдірді.

«Бүгінгі кездесу мен үшін өте пайдалы болды. Біз көбіне тәртіпті тек заң бұзылған жағдайда ғана еске аламыз. Ал цифрлық ортада өзімізді қалай қорғау керектігін ойлай бермейміз. Спикер бізге онлайн алаяқтықтың түрлері, жеке мәліметтерді қорғаудың жолдарын түсінікті әрі қызықты етіп жеткізді. Осындай кездесулер жиі өтсе, жастардың құқықтық мәдениеті әлдеқайда жоғарылайтынына сенемін», – деді ол.

Іс-шара соңында қатысушылар ұйымдастырушыларға алғыс айтып, құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы мұндай кездесулердің өз жалғасын табатынына сенім білдірді.



Лаура ТАРҒЫН, Қосшы ЖРО маманы

ҚАЛАНЫҢ МӘДЕНИ ОШАҚТАРЫН БІЛЕСІЗ БЕ?



Қосшы қаласында кешенді шығармашылық орта қалыптасып келеді. Осы орайда мұндағы қоғамдық мәдени-спорт кешенінің орны ерекше екенін айта кеткен жөн. Бүгінде бұл кешеннің түрлі шығармашылық ұжымдарында 1600-ден аса бала шырдалып, қаладағы мәдени бірегейліктің қалыптасуына өз үлесін қосып жүр.

Орталықтағы алғашқы бағыттардың бірі – Picasso Voice вокал студиясы. Ол орталықтың көркемдік даму бағытын айқындап, тәрбиеленушілерге вокал негіздерін, сахналық мәдениетті меңгеруге және концерттік бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік сыйлайды. «Кәусар» және «Ай-қаракөз» би ансамбльдері кешеннің дамуына серпін береді.

65-85 жас аралығындағы орындаушыларды біріктіретін «Есіл-Нұра» фольклорлық ансамблінің (жетекшісі –

Ахметхан Алпыспаев) жұмысы дәстүрлі қазақ музыкасын сақтау мен насихаттауға елеулі үлес қосып, қала мәдениетін дамытып, жастардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырып отыр.

«Замандас» ардагерлер хоры – орталықтағы ұрпақтар сабақтастығын нығайтатын маңызды буын. Хордың репетициялары жасөспірімдер студияларының жанында өтеді. Бұл жас буынның үлкендерге құрметін қалыптастырып, дәстүр жалғастығын күшейтеді.

Заманауи музыкалық бағытты ұстанатын Qosshy Band ансамблінің мүшелері қатарына авторлық және эксперименттік музыкаға бейім жастарды тартып отыр.

Tartu ансамблі дәстүрлі музыкалық орындау стилін сақтап, кешеннің басқа студияларымен бірлескен жобаларға қатысады. Бұл жастардың классикалық халық әуендерінен бастап, заманауи өңдеулерге дейін музыканың түрлі жанрларымен танысуына мүмкіндік береді.

«Дмитрий и партнёры» ЖШС, БСН 120840007783 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл аймағы, Тараз қаласы, Алматы ауданы, Юг-Восток тұрғын ауданы (оң жағы), Тупик 1 Толеби, 5А үй, тел.8 702 940 06 30

ТОО «Дмитрий и партнёры», БИН 120840007783 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Жамбылская область, г.Тараз, Тупик 1 Толеби, д.5А.тел.: 8 702 940 06 30

«EdEnPol» ЖШС, БСН 250140018998 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, 41 үй, 30 пәтер. тел.8 771 455 08 88

ТОО «EdEnPol», БИН 250140018998 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Сарайшық, ул.Ахмет Байтұрсынұлы, д.41, кв.30. тел.: 8 777 455 08 88

«Региональная Энергосбытовая Компания» ЖШС, БСН 231040008034 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бердібек Соқпақбаев көшесі, 23/3 үй, ВП-3 тел.8 776 844 84 37

ТОО «Региональная Энергосбытовая Компания», БИН 231040008034 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Сарыарқа, ул.Бердібек Соқпақбаев, д.23/3, ВП-32. тел.: 8 776 844 84 37

«Foodservice-Astana Group» ЖШС, БСН 240840009060 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Махтумқули көшесі, 3/1 үй, 53 пәтер. тел.: 8 776 844 84 37

ТОО «Foodservice-Astana Group», БИН 240840009060 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Алматы, ул.Махтумқули, д.3/1, кв. 53. тел.: 8 776 844 84 37

«СенимСтрой» ЖШС, БСН 250140008574 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Е 67 көшесі, 8 үй, 252 пәтер. тел.: 8 707 497 20 71

ТОО «СенимСтрой», БИН 250140008574 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Нұра, ул.Е 67,д.8,кв.252.тел.: 8 707 497 20 71

«Мадияр 2023» ЖШС, БСН 250140023012 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, А 105 көшесі, 11 үй, 99 пәтер. тел.: 8 702 678 96 86

ТОО «Мадияр 2023», БИН 250140023012 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Сарайшық, ул.А 105, д.11, кв.99. тел.: 8 702 648 96 86

«IT Solutions 101» ЖШС, БСН 240140008265 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 5 үй, н.п.199 тел.: 8 705 402 24 28

ТОО «IT Solutions 101», БИН 240140008265 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, ул.Достық, д.5, н.п.199.тел.: 8 705 402 24 28

«BBrands» ЖШС, БСН 240240013929 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, 3 үй, 511 пәтер. тел.: 8 777 999 55 85

ТОО «BBrands», БИН 240240013929 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, ул.Ахмет Байтұрсынұлы, д.3, кв.511. тел.: 8 777 999 55 85

«Ультра Монолит» ЖШС, БСН 220140019841 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есиль ауданы, Үркер тұрғын ауданы, Шалкиіз Жырау көшесі, 55 үй. тел.: 8 747 111 50 15

ТОО «Ультра Монолит», БИН 220140019841 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, жилой массив Үркер, ул.Шалкиіз Жырау, д. 55. тел.: 8 747 111 50 15

«ТрансАльянс-Казахстан» ЖШС, БСН 200240038630 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Кенесары көшесі, 65 үй,47 пәтер. тел.: 8 702 442 46 46

ТОО «ТрансАльянс-Казахстан», БИН 200240038630 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, проспект Ұлы Дала, д. 27, корпус 1, кв.220. тел.: 8 701 106 05 77

«НГПС-Астана» ЖШС, БСН 210140032252 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Кенесары көшесі, 65 үй,47 пәтер. тел.: 8 702 442 46 46

ТОО «НГПС-Астана» БИН 210140032252 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Байқоңыр, ул.Кенесары, д. 65, кв.47. тел.: 8 702 442 46 46

«Сармат77» ЖШС, БСН 240240021830 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есиль ауданы, Дінмұхед Қонаев көшесі, 12/1 ғимарат, ВП-32. тел.: 8 776 844 84 37

ТОО «Сармат77» БИН 240240021830 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Есиль ул.Дінмұхамед Қонаев, здание 12/1,ВП-32. тел.: 8 776 844 84 37

«Garole» (Гароле) ЖШС, БСН 220740027844 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Жеңіс даңғылы, 72 үй. тел.: 8 776 844 84 37

ТОО «Garole» (Гароле), БИН 220740027844 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Сарыарқа, проспект Жеңіс, д.72. тел.: 8 776 844 84 37

«Smart Repairs» ЖШС, БСН 201240001920 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, 38 көшесі, 23 үй, 41 пәтер. тел.: 8 778 276 14 56

ТОО «Smart Repairs», БИН 201240001920 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Есиль, ул.38, д.23, кв. 41. тел.: 8 778 276 14 56

«Qarzhy Time» ЖШС, БСН 250140005788 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Қайым Мухамедханов көшесі, 23 А үй, 176 пәтер. тел.: 8 700 170 01 05

ТОО «Qarzhy Time», БИН 250140005788 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Нұра ул.Кайым Мухамедханова, д.23 А, кв.176. тел.: 8 700 170 01 05

«Level Up К.Т.» ЖШС, БСН 190840008070 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 114 үй, 16 пәтер тел.: 8 705 770 70 10

ТОО «Level Up К.Т.», БИН 190840008070 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Алматы, Медеуский район, пр.Достық, д.114, кв.16 тел.: 8 705 770 70 10

«Корпорация ААД» ЖШС, БСН 220440054414 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе аймағы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Батыс-2 шағын ауданы, 21В ғимараты. тел.: 8 775 110 00 03

ТОО «Корпорация ААД», БИН 220440054414 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Актюбинская обл., г.Ақтөбе, р-н Астана, микрорайон Батыс-2, здание 21В. тел.: 8 775 110 00 03

«Диджитал Форвард» ЖШС, БСН 230540007478 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Александр Пушкин көшесі, 46 үй тел.: 8 747 648 64 92

ТОО «Диджитал Форвард», БИН 230540007478 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Акмолинская обл., Шортандинский р-н, п.Шортанды, ул.Александра Пушкина, д. 46 тел.: 8 747 648 64 92

«GRAND TOUR AVIA» ЖШС, БСН 140740022427 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Күләш Бәйсейітова көшесі, 101/1 үй, 12 пәтер тел.: 8 700 909 97 77

ТОО «GRAND TOUR AVIA», БИН 140740022427 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарыарқа, ул.Күләш Бәйсейітова, д.101/1, кв.12. тел.: 8 700 909 97 77

Утеранный Договор о безвозмездной приватизации жилища №442 от 21 июня 2017 года, заключённый между ГУ «Управление жилья города Астаны» и Ахметовым Жанатом Ажибаевичем, 1966 г.р., считать недействительным. Тел. +7 777 614 27 19.

Жоғалған тұрғын үйді өтеусіз жекешелендіру туралы №442 шарты (2017 жылғы 21 маусымда ГК «Астана қаласының Тұрғын үй қоры» мен 1966 жылы туған Ахметов Жанат Ажибаевич арасында жасалған) жарамсыз деп есептелсін. Байланыс телефоны: +7 777 614 27 19.

«ЭкоПак-Лайф» ЖШС, БСН 190540013809 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Азербайжан Мамбетов көшесі, 2/1 үй, блок 22, 22 пәтер тел.: 8 701 536 22 11

ТОО «ЭкоПак-Лайф», БИН 190540013809 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарыарқа, ул.Азербайжан Мамбетов, д.2/1, блок 22, кв.22 тел.: 8 701 536 22 11

«Eisen Tech» ЖШС, БСН 180140011083 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Жанайдар Жирентаев көшесі, 9 үй, 100 пәтер тел.: 8 708 950 48 13

ТОО «Eisen Tech», БИН 180140011083 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Алматы, ул.Жанайдара Жирентаева, д.9, кв.100 тел.: 8 708 950 48 13

«Arlan Tech Service» ЖШС, БСН 200740011913 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есиль ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 5/2 үй, 273 пәтер тел.: 8 701 599 92 22

ТОО «Arlan Tech Service», БИН 200740011913 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Есиль, проспект Ұлы Дала, д.5/2, кв.273 тел.: 8 701 599 92 22

«SULU Food Service» ЖШС, БСН 180540028439 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Желтоқсан көшесі, 2 үй тел.: 8 700 092 03 22

ТОО «SULU Food Service», БИН 180540028439 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Сарыарқа, ул. Желтоқсан, д.2. тел.: 8 700 092 03 22

«ASHAT Food Service» ЖШС, БСН 180440022149 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Желтоқсан көшесі, 2 үй тел.: 8 700 092 03 22

ТОО «ASHAT Food Service», БИН 180440022149 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Сарыарқа, ул. Желтоқсан, д.2. тел.: 8 700 092 03 22

«ZHAN Food Service» ЖШС, БСН 180540028459 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Желтоқсан көшесі, 2 үй тел.: 8 700 092 03 22

ТОО «ZHAN Food Service», БИН 180540028459 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Сарыарқа, ул. Желтоқсан, д.2. тел.: 8 700 092 03 22

«EL Food Service» ЖШС, БСН 180740019179 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Желтоқсан көшесі, 2 үй тел.: 8 700 092 03 22

ТОО «EL Food Service», БИН 180740019179 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Сарыарқа, ул. Желтоқсан, д.2. тел.: 8 700 092 03 22

«NAZ Food Service» ЖШС, БСН 180440023880 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Желтоқсан көшесі, 2 үй тел.: 8 700 092 03 22

ТОО «NAZ Food Service», БИН 180440023880 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Сарыарқа, ул. Желтоқсан, д.2. тел.: 8 700 092 03 22



«NGNR Food Service» ЖШС, БСН 180440018190 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Желтоқсан көшесі, 2 үй тел.: 8 700 092 03 22

ТОО «NGNR Food Service», БИН 180440018190 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Сарыарқа, ул. Желтоқсан, д.2. тел.: 8 700 092 03 22

«DAKO Food Service» ЖШС, БСН 180540025761 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы аумағы Алматы қаласы, Медеу ауданы, Зенкова көшесі, 59 үй тел.: 8 700 092 03 22

ТОО «DAKO Food Service», БИН 180540025761 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Алматийская обл., г.Алматы, Медеуский район, ул. Зенкова, д.59. тел.: 8 700 092 03 22

«ASD Food Service» ЖШС, БСН 180440024581 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы аумағы Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай Хана даңғылы, 92/87 үй тел.: 8 700 092 03 22

ТОО «ASD Food Service», БИН 180440024581 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Алматийская обл., г.Алматы, Алмалинский район, пр.Абылай Хана, д.92/87. тел.: 8 700 092 03 22

«Мадени Абылайхан» ЖШС, БСН 160740001193 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы аумағы Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 63 үй тел.: 8 700 092 03 22

ТОО «Мадени Абылайхан», БИН 160740001193 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Алматийская обл., г.Алматы, Медеуский район, пр.Достык, д.63 тел.: 8 700 092 03 22

«MYRZA Food Service» ЖШС, БСН 180540012472 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы аумағы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 85 үй тел.: 8 700 092 03 22

ТОО «MYRZA Food Service», БИН 180540012472 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Алматийская обл., г.Алматы, Алмалинский район, ул.Кабанбай Батыра д.85 тел.: 8 700 092 03 22

«SHAAT Food Service» ЖШС, БСН 180440022298 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Желтоқсан көшесі, 2 үй тел.: 8 700 092 03 22

ТОО «SHAAT Food Service», БИН 180440022298 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Сарыарқа, ул. Желтоқсан, д.2. тел.: 8 700 092 03 22

«Avantgarde design study» ЖШС, БСН 220240027787 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Фариза Оңғарсынова көшесі, 6 үй, н.п.10 тел.: 8 702 940 06 30

ТОО «Avantgarde design study», БИН 220240027787 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Есиль, ул. Фариза Оңғарсынова, д.6, н.п тел.: 8 702 940 06 30

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫҢ БЕЙНЕЛІК КОДЫ

Ұлттың рухани жадын, тарихи тамырын және мәдени дүниетанымын айқындайтын ең тұрақты бейнелік құрал – рәміз. Геральдика саласының маманы, зерттеуші Айдын Рысбекұлының айтуынша, рәміздер мен нышандар – ұлттың өзіндік келбетін сақтайтын, рухани тұтастықты қамтамасыз ететін таңбалық жүйе.

РӘМІЗ – РУХАНИ ЖӘНЕ ЗАТТЫҚ МӘНГЕ ИЕ БЕЙНЕ

Айдын Рысбекұлы атап өткендей, рәміз ұғымы – семиотикалық негізі ортақ болғанмен, мазмұндық құрылымы мен қолданылу аясы тұрғысынан өз алдына жеке ғылыми категория.

«Рәміз – белгілі бір идеяны, ұғымды немесе рухани құндылықты бейнелі түрде жеткізетін таңбалық құрылым. Ол – әрі мағыналық, әрі көркемдік мазмұнға ие және семиотика ғылымының зерттеу нысаны», – дейді маман.

Ғалымның айтуынша, рәміздер – тек абстрактілі ұғым емес, нақты көзбен көруге келетін бейнелер. Олар геометриялық құрылымға, стилистикалық үйлесімге ие және ресми деңгейде заңмен бекітіледі.

«Рәміз – мемлекеттіліктің белгісі, мәдениеттің айнасы. Ол халықтың идеялық бірлігін бейнелейді. Мысалы, Қазақстанның Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасындағы бейнелер – ұлттық сана мен рухтың көрінісі», – дейді Айдын Рысбекұлы.

Оның айтуынша, көк түс – бейбітшіліктің және тұрақтылықтың, күн бейнесі – өмір мен жаңарудың, ал қыран – еркіндік пен асақ рухтың нышаны. Елтаңбадағы шаңырақ пен бидай масағы – бірлік пен молшылықтың белгісі.

РӘМІЗТАНУ – КҮРДЕЛІ ӘРІ КӨПСАЛАЛЫ ҒЫЛЫМ

Айдын Рысбекұлының айтуынша, рәмізтану – рәміздердің мәнін, олардың тарихи, мәдени және көркемдік қырларын кешенді зерттейтін сала.

«Рәмізтану тек сурет пен таңба туралы ғылым емес. Ол – ұлттың дүниетанымдық кодын, тарихи эволюциясын, рухани семантикасын зерделейтін кең өрісті бағыт», – дейді ол.

Зерттеушінің пікірінше, рәмізтану семиотика, лингвистика, мәдениеттану, геральдика, тарих, философия, психология және саясаттану сияқты ғылымдармен тығыз байланысты.

Маман рәміздік жүйелердің мысалы ретінде мемлекеттік рәміздер кешенін, діни және мифологиялық белгілерді, сондай-ақ түркі халықтарының киелі аң-құстарға негізделген дәстүрлі символикасын атайды.

«Бөрі, тұлпар, қыран бейнелері – түркі дүниетанымындағы ерлік пен еркіндіктің, тектіліктің пен рух биіктігінің бейнесі. Бұл символдар қазіргі ұлттық санада да маңызын жоғалтқан жоқ», – дейді зерттеуші.



ТАМҒА – РӘМІЗТАНУДЫҢ ТАРИХИ БАСТАУЫ

Ғалымның айтуынша, рәміз ұғымының тарихи түбірі көне түркі мәдениетіндегі тамға феноменімен тікелей байланысты.

«Тамға – ру мен тайпаның меншігін білдіретін белгі ғана емес, әлеуметтік құрылымның, иерархиялық қарым-қатынастардың және рухани дүниетанымының коды. Ол қазіргі елтаңба мен логотиптердің тарихи бастауы саналады», – дейді Айдын Рысбекұлы.

Оның айтуынша, «там» – із, белгі деген мағынаны білдіреді, ал «ға» – зат есім тудыратын жұрнақ. Көшпелі өмір салтында әр ру өз мал-мүлкін ажырату үшін ерекше таңбалар қолданған.

«Тамға тек меншікті білдірмейді, ол – мәдени жадты сақтайтын код. Онда отбасы, туыстық байланыс, дүниетаным көрініс тапқан», – дейді маман.

Зерттеуші тамға жүйесін қазіргі визуалды коммуникациямен де байланыстырады.

«Тамға белгілі бір ақпаратты ықшам әрі дәл жеткізу тәсілі болған. Бүгінгі QR-код принципін сол ежелгі таңбалық жүйенің заманауи көрінісі десек те болады», – дейді ол.

НЫШАН МЕН РӘМІЗ: АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Айдын Рысбекұлының пікірінше, қазіргі тілдік қолданыста жиі шатастырылатын «рәміз» және «нышан» ұғымдарының ара-жігін нақты ажырату қажет.

«Рәміз – нақты пішіні бар, көзбен көруге болатын заттық белгі. Ал нышан – дерексіз, рухани-ассоциативтік бейне. Бірі – заңмен бекітілетін ресми символ, екіншісі – көркемдік және метафоралық кеңістіктің көрінісі», – дейді ғалым.

Оның айтуынша, нышан көбіне әдебиет пен өнерде қолданылады.

«Мысалы, көктемнің нышаны үміт пен жаңаруды, өмірдің қайта оянуын бейнелесе, қауіптің нышаны қара бұлт, үнсідік немесе күйзеліс бейнесі болуы мүмкін. Бұл – дерексіз, поэтикалық категория», – дейді сарапшы.

Ал рәміз болса, заңдық негізде бекітілетін, семантикалық тұрғыдан тұрақты және ресми түрде қолданылатын белгі.

«Ту мен елтаңба – рәміздер. Олар мемлекеттің бірегейлігін бейнелейді. Ал нышан – сол ұлттың рухани түйсік әлемінде өмір сүретін бейне», – деп түсіндірді зерттеуші.

СҰҢҚАР БЕЙНЕСІНІҢ СЕМАНТИКАСЫ

Зерттеуші қазақ дүниетанымындағы киелі құс – сұңқардың рәміздік маңызына да тоқталды.

«Сұңқар бейнесі түркі-моңғол халықтарының дәстүрлі санасында тектіліктің, еркіндіктің және жауынгер рухтың символы ретінде орныққан. Шыңғыс хан мен Атилла дәуіріндегі ту бейнелерінде де осы сұңқар бейнесі кездеседі», – дейді Айдын Рысбекұлы.

Оның айтуынша, биологиялық тұрғыдан сұңқар – жердегі ең жылдам ұшатын

құстардың бірі, бірақ оның бейнесі тек табиғи сипат емес, рухани астарға ие.

«Қазақ ұғымында сұңқар – туған ұясын ұмытпайтын, асаққан мезгіл және қасиетті құс. Оны баптап ұстау – рухани үйлесім мен тектіліктің белгісі», – дейді ғалым.

РӘМІЗТАНУДЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ БАСТАУЫ

Айдын Рысбекұлының айтуынша, Қазақстанда рәмізтану мен терминологиялық жүйенің қалыптасуына ерекше үлес қосқан тұлғалардың бірі – Ербол Шаймерденов (1954-2012).

«Ербол Шаймерденов алғаш рет «рәмізтану», «рәмізбаян», «мемлекеттік рәміз», «рәміздік таңба», «рәміздік жүйе» сияқты ұғымдарды ғылыми айналымға енгізіп, бұл саланың тілдік-ұғымдық негізін қалыптастырды», – дейді маман.

Оның айтуынша, дәл осындай ғылыми еңбектер мен ұлттық зерттеулер арқасында бүгінгі рәмізтану саласы толыққанды теориялық жүйеге айналып отыр.

Геральдика саласының маманы Айдын Рысбекұлы рәміз және нышан ұғымдарының ғылыми-мәдени мәнін кеңінен түсіндіріп, олардың айырмашылығын нақтылайды. Оның айтуынша, рәміз – мемлекеттілік пен бірегейліктің, ал нышан – рухани дүниетаным мен эстетикалық сезімнің бейнесі. Екеуі де қазақ мәдениетінің көркемдік коды мен ұлттық болмысын айқындайтын ұғымдар болып қала береді.

Ғани АТЫМТАЙ

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІҢ МАҢЫЗЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

21 қарашада Мәдениет және ақпарат министрлігінің Геральдикалық зерттеулер орталығы мен Қосшы қаласының әкімдігі бірлесіп, қалалық қоғамдық мәдени-спорт кешенінде «Менің Қазақстаным» акциясы аясында ауқымды танымдық семинар өткізді. Бұл іс-шара мемлекеттік рәміздерді ұлықтау мен оларды терең құрметтеуге бағытталған маңызды басқосу ретінде ұйымдастырылды.



Семинардың басты мақсаты – азаматтардың мемлекеттік рәміздерге деген жауапкершілігі мен құрмет сезімін арттыру, олардың маңызын түсіндіру, сондай-ақ қоғамда патриоттық сана мен ұлттық рухты нығайту.

Танымдық семинар барысында спикерлер мемлекеттік рәміздерді қолдану тәртбіне кеңінен тоқталып, олардың әрқайсысының терең символдық мәні, тарихи қалыптасуы жөнінде жан-жақты ақпарат берді. Қатысушылар Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұранның идеясынан бастап, олардың қазіргі ресми талаптарға сай қолданылу ережелеріне дейінгі көптеген өзекті мәліметпен танысты.

Іс-шарада Геральдикалық зерттеулер орталығының негізгі қызметі жөнінде орталық директорының міндетін атқарушы Шерхан Талап баяндап, орталықтың атқаратын жұмыстары, ел рәміздерін ғылыми тұрғыда зерттеу бағыттары туралы толық ақпарат ұсынды. Ал мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртбі бойынша орталықтың ведомстволық және өзге де наградаларды сараптау бөлімінің басшысы Әділхайыр Мырзаханов түсінік берді. Сонымен қатар мемлекеттік рәміздердің тарихына арналған мазмұнды баяндама геральдикалық зерттеулер бөлімінің басшысы Асылжан Бижанов тарапынан ұсынылды.

Семинар барысында қатысушылар бұл тақырыпқа қызығушылық білдіріп, мамандарға сұрақтар қойып, пікір алмасты. Осылайша, мұндай шаралар азаматтардың құқықтық сауатын арттырып қана қоймай, ұлттық құндылықтарға деген біртұтас көзқарастың қалыптасуына жол ашды.

Жалпы, бұл семинар – ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға, мемлекеттік рәміздерге деген құрметті арттыруға бағытталған маңызды әрі мазмұнды бастама. Ол қоғамда патриоттық сезімді күшейтіп, жастар мен қала тұрғындарының мемлекеттік рәміздерге деген жауапкершілігін жаңа деңгейге көтеруге үлес қосады.

АМАНАТ арқалаған міндеттерге шолу

(11-21 ҚАРАША АРАЛЫҒЫ)

АЛАН денешынықтыру-сауықтыру кешенінде АМАНАТ партиясы Қосшы қалалық филиалының қолдауымен партиялар арасында волейболдан турнир өтті. Шараны Гимназия мектебі партиялық тобының басшысы Ақылбек Шаяндин ұйымдастырды. Жарысқа жалпы 12 команда қатысып, турнирде жеңіске жеткен командалар марапатталды.

Ақмола облыстық мәслихатының депутаты, қалалық филиалдағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы А. Төребаев АМАНАТ партиясы Қосшы қалалық филиалының қоғамдық бақылау бөлмесінде кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Е. Қожахметовті қабылдады. Қабылдау барысында ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлікті дамыту және ветеринариялық қызмет салаларындағы өзекті мәселелер талқыланды. Облыстық мәслихат депутаты көтерілген бірқатар мәселені жеке бақылауына алды.

Ақмола облыстық мәслихатының депутаты, АМАНАТ партиясының Қосшы қалалық филиалы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы А. Төребаевтың қатысуымен №3 мектеп-лицейінде мекемелерге шығу аясында мобильді қоғамдық бақылау өтті. Кездесу барысында мектеп ұжымы білім ордасының өзекті мәселелерін көтерді. Атап айтқанда, мектеп алдындағы көшеге қосымша жол белгілерін орнату, жарықтандырылған жаяу жүргіншілер өткелін жасау және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектеп маңында ауыр жүк көліктерінің тұруына тыйым салу мәселелері талқыланды. Сонымен қатар ұстаздар қауымы қаланы газдандыру, электрмен және жарықпен қамту, жол инфрақұрылымын жақсарту, сондай-ақ жаңа мемлекеттік балабақша, оның ішінде ерекше балаларға арналған топтың ашылуының қажеттігін айтты. Жас ұстаздар жастарды қолдауға арналған бағдарламалар мен тұрғын үй мәселесінде көтерді. Барлық ұсыныс-пікір назарға алынып, облыстық мәслихат депутаты А. Төребаев кейбір мәселе бойынша тиісті мемлекеттік органдар алдында мәселе көтерілетінін жеткізді.

Ақмола облыстық мәслихатының депутаты А. Төребаев және АМАНАТ партиясы Қосшы қалалық филиалының атқарушы хатшысы Р. Сейдахметов



«Білім» бастауыш партия ұйымына қарасты №3 мектеп-лицейінде болып, оқу орнының қызметімен танысты. Кездесу барысында мектеп директоры Жанар Балдекова білім ордасында атқарылып жатқан жұмыстар мен партияның жобалары аясында іске асып жатқан бастамалар туралы ақпарат берді.

«Кедегісіз келешек» жобасы шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті кабинет көрсетілді.

«Ұлттық мұра» жобасы аясында оқушылардың ұлттық және мәдени құндылықтарды дәріптеу мақсатында өз қолдарымен жасаған бұйымдары таныстырылды.

«Qaisar» жобасы бойынша жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру бағытындағы жұмыстармен қатар, мектептің материалдық базасының жаңаруы және шахмат үйірмесінің қызметі туралы мәлімет берілді. Іс-шара соңында партия өкілдері мектеп ұжымының еңбегіне оң баға беріп, оқушылардың жан-жақты дамуына бағытталған жобаларды одан

әрі қолдау қажеттігін атап өтті.

АМАНАТ партиясы Қосшы қалалық филиалының «Білім» бастауыш партия ұйымында жиналыс өтті. Кездесу барысында қалалық филиалдың атқарған жұмыстары жан-жақты талқыланды. Атап айтқанда, партия мүшелерінің сапалық құрамы мен санының артуы, жарналардың уақтылы төленуі, сондай-ақ 13 партиялық жобаның іске асырылуы туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар кездесу барысында атқарылған жұмыстар мен Жол картасының орындалуы да сөз болды. Жиналысқа қатысушылар өзекті мәселелерді көтеріп, ұсыныстарын білдіріп, сұрақтарына жауап алды.

15 қараша Ұлттық валюта күніне орай Жастар ресурстық орталығы «Тенге тарихы – ел тарихы» атты зияткерлік сайыс өткізді. Шараға АМАНАТ партиясы Қосшы қалалық филиалының атқарушы хатшысы Р. Сейдахметов қатысып, жастарға 1993 жылдың 15 қарашасында ұлттық валюта – теңгенің айналысқа енгізілуі және оның қалыптасу тарихы

туралы айтты.

Қосшы қаласы мәслихатының төрағасы Әлихан Қуатбеков тікелей эфирдегі сұхбатында қала мәслихатының депутаттары азаматтарымыздың әлеуметтік жағдайының қалыптасуына назарда ұстап отырғанын айтты. «Осы орайда шағын бизнес өкілдерін қолдау аса маңызды. Ақмола өңіріндегі әріптестерімізбен қатар, біз де мәслихат сессиясында төмендетілген тиімді мөлшерлеме көлемін 2%-ға дейін азайту туралы шешім қабылдадық. Бұл қаламыздың гүлденіп, аймақтағы кәсіпкерліктің дамуы жолында жасалып жатқан тиімді қадам», - деді ол.

АМАНАТ партиясының Қосшы қалалық филиалында «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында қоғамдық бақылау ұйымдастырылды. Іс-шараға Ақмола облыстық адвокаттар алқасының мүшесі, Қосшы қаласы заң консультациясының меңгерушісі А. Құсдәулетова қатысты. Қабылдау барысында қала тұрғындары жеке шоттарына қойылған арестті шешу, жеке тұлғаның банкроттығы және басқа да жеке мәселері бойынша жүгінді. Барлық өтініш мұқият қаралып, қолданыстағы заңнамаға сәйкес нақты түсінік пен кеңестер берілді.

АМАНАТ партиясының Қосшы қалалық филиалында жоспарға сәйкес қалалық мәслихат депутаты Д. Кәкімжанов азаматтарды қабылдады. Қабылдауға ТКШ және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Н. Нәбиқызы, сондай-ақ жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы С. Рахышев қатысты. Тұрғындар зейнеткерлердің Астана қаласында автобустарда тегін жүруі, көпбалалы аз қамтылған отбасыларға көмек, «Орион» тұрғын үй кешенінде 2 үйдің шатырын жөндеу, жол, газдандыру, сондай-ақ Гимназия мектебіне жарыққа қатысты мәселелерді көтерді. Барлық сұрақ тыңдалып, тиісті сала мамандары тарапынан заңнама аясында түсіндірулер берілді. Мәселелер бақылауға алынып, жауапты мекемелерге тапсырмалар жүктелді.

Ай сайын бекітілген кесте бойынша партия филиалы алаңында тегін заңгерлік кеңес беру өткізіледі. Заңдық сұрақтарыңыз болса, келіп кеңес алуға болады. Мекенжай: Қосшы қаласы, Республика көшесі, 46. Байланыс телефоны: +7 705 654 47 60.

ЧТО СТОИТ ЗА ПРОСТЫМ «ДА» ИЛИ «НЕТ»?

В мире, где решения, касающиеся жизни каждого, принимаются на самых разных уровнях, важно помнить: все начинается с простого шага – с выборов. Мы, граждане, не просто наблюдатели в процессе формирования власти, а полноправные участники, чьи голоса могут изменить ход истории. В Казахстане, где Конституция гарантирует каждому право влиять на будущее страны, каждое участие в выборах становится мощным инструментом, способным преобразовать город и страну в целом. Косшы, как и другие регионы, является ярким примером того, как активность населения может стать движущей силой перемен. Но что на самом деле скрывается за этим правом? Как голос каждого из нас может стать не просто цифрой, а реальной силой? Время дать ответы на эти вопросы и понять, как важно осознавать свою гражданскую ответственность в условиях демократии.

Конституция Республики Казахстан, принятая в 1995 году, закрепила основной принцип: граждане участвуют в управлении государством через свободные выборы. Народ остаётся единственным источником власти, а все государственные органы обязаны действовать в интересах общества. Казахстан является унитарным государством с президентской формой правления, где централизованное руководство сочетается с реальной возможностью граждан влиять на процессы управления. На первый взгляд может показаться, что решения принимаются сверху, но активность населения способна направить развитие страны в нужное русло. И вот главный вопрос: каким образом голос каждого человека превращается в реальную силу, способную влиять на будущее всей страны?

Статья 33 Конституции гарантирует каждому гражданину право избирать и быть избранным в органы государственной власти и местного самоуправления, а также участвовать в республиканских референдумах. Эти права предоставляются всем совершеннолетним гражданам, независимо от пола, национальности, языка, религии или социального положения. Исключения составляют только лица, признанные судом недееспособными или находящиеся в местах лишения свободы по приговору суда. На первый взгляд, всё это может показаться очевидным и простым, но именно возможность влиять на выбор власти превращает каждого человека в активного участника судьбы своей страны. Вопрос лишь в том, готовы ли граждане воспользоваться этим правом и осознать, что их голос действительно имеет значение?

Выборы проводятся открыто и с соблюдением международных стандартов, закреплённых во Всеобщей декларации прав человека 1948 года, Международном пакте о гражданских и политических правах 1966 года, а также в рамках соглашений, принятых на Копенгагенском совещании ОБСЕ в 1990 году. Международные нормы превращают право участвовать в выборах из формальной декларации в реальный инструмент воздействия на развитие государства. И вот здесь начинается настоящая сила граждан: каждый голос имеет значение, и каждый голос влияет на формирование будущего страны.

КАЖДЫЙ ГОЛОС ИМЕЕТ ЗНАЧЕНИЕ

Президент Республики Казахстан избирается сроком на семь лет. Кандидат на этот пост должен быть гражданином по рождению, достигшим 40 лет, свободно владеть государственным языком, проживать на территории страны последние 15 лет, иметь высшее образование и опыт работы на государственных или выборных должностях не менее пяти лет. Эти требования обеспечивают квалификацию будущего лидера, гарантируя гражданам уверенность в его способности эффективно управлять.

Для жителей региона выбор президента имеет особое значение. Глава государства определяет основные направления развития страны, включая социальные программы, экономические проекты и инфраструктурные инициативы. Каждый голос в этом контексте оказывает влияние не только на национальную политику, но и на конкретные условия жизни в родном регионе, будь то ремонт дорог или строительство образовательных учреждений.

Опрос среди жителей Косшы показывает, что большинство воспринимает выборы как шанс повлиять на социальные и экономические процессы. Множество граждан заявляют, что участие в голосовании помогает почувствовать личную ответственность за будущее города и страны. «Голос каждого важен, – утверждает одна из местных жительниц. – Когда мы выбираем депутатов или акимов, мы решаем, какие проекты будут реализованы, какие дороги отремонтируют, какие школы и детские сады построят».

ДВЕ ПАЛАТЫ – ОДНА ЦЕЛЬ

Парламент Республики Казахстан является высшим представительным органом страны, выражающим волю народа. Он состоит из двух палат – Сената и Мажилиса, которые функционируют на постоянной основе, принимают законы, формируют государственные органы и контролируют исполнение законодательства. Именно здесь идеи становятся реальными нормами, определяющими общественную жизнь.

Депутатом Сената может стать гражданин Казахстана, достигший 30 лет, имеющий высшее образование и не менее пяти лет опыта работы на государственной службе или выборных должностях. Также он должен проживать на территории соответствующей области, города республиканского значения или столицы не менее трех лет. Для Мажилиса требования менее строгие: депутатом может стать гражданин, не младше 25 лет, с обязательным сроком проживания на территории Казахстана не менее десяти лет. Эти условия позволяют формировать парламент из ответственных и опытных людей, способных принимать взвешенные решения в интересах страны.

Парламент не ограничивается только законодотворчеством. Он контролирует деятельность правительства, участвует в формировании государственного бюджета, а также определяет приоритеты социально-экономического развития. Для жителей Косшы участие в выборах депутатов – это шанс повлиять на решения, которые касаются их повседневной жизни: развитие инфраструктуры, благоустройство города, реализация социальных программ и создание рабочих мест.

Мнения горожан подчеркивают важность работы депутатов: «Когда мы голосуем за местного депутата, мы надеемся на реальные изменения в районе – ремонт дорог, благоустройство дворов, улучшение работы коммунальных служб», – делятся местные жители. Это подчеркивает, что работа парламента – не абстрактная политика, а реальный механизм, влияющий на качество жизни.

ВЛИЯНИЕ НА ПОВСЕДНЕВНУЮ ЖИЗНЬ

Мәслихаттың депутаты азаматтарымыздың әлеуметтік жағдайының қалыптасуына назарда ұстап отырғанын айтты. «Осы орайда шағын бизнес өкілдерін қолдау аса маңызды. Ақмола өңіріндегі әріптестерімізбен қатар, біз де мәслихат сессиясында төмендетілген тиімді мөлшерлеме көлемін 2%-ға дейін азайту туралы шешім қабылдадық. Бұл қаламыздың гүлденіп, аймақтағы кәсіпкерліктің дамуы жолында жасалып жатқан тиімді қадам», - деді ол.

Мәслихаттың депутаты азаматтарымыздың әлеуметтік жағдайының қалыптасуына назарда ұстап отырғанын айтты. «Осы орайда шағын бизнес өкілдерін қолдау аса маңызды. Ақмола өңіріндегі әріптестерімізбен қатар, біз де мәслихат сессиясында төмендетілген тиімді мөлшерлеме көлемін 2%-ға дейін азайту туралы шешім қабылдадық. Бұл қаламыздың гүлденіп, аймақтағы кәсіпкерліктің дамуы жолында жасалып жатқан тиімді қадам», - деді ол.

Многие отмечают, что маслихат стал тем уровнем

власти, где голос граждан слышен особенно отчётливо. Горожане обращаются к своим депутатам по вопросам благоустройства, инфраструктуры и развития районов, и видят, что их предложения находят отклик в реальных решениях. Такой живой диалог между властью и населением укрепляет уверенность в том, что участие в выборах имеет реальный смысл и приносит ощутимые результаты.

ПРОСТО И УДОБНО

Избиратели включаются в список на основании регистрации по месту жительства. Для тех, кто по каким-то причинам не может проголосовать по месту постоянной регистрации, существует возможность подачи заявления для включения в список на определённом участке. Если вы работаете или учитесь в другом месте, или по другим причинам не можете быть дома в день выборов, достаточно получить открепительное удостоверение, и вы сможете проголосовать в удобном для вас месте.

Звучит удобно, не так ли? Такой подход позволяет каждому выразить своё мнение, даже если он не может быть на своем избирательном участке в день выборов. В нашем городе многие отмечают важность этой возможности. «Даже если человек находится не по месту постоянной регистрации, он может реализовать своё право голоса», – подчеркивают местные жители.

Но это не единственная мера, делающая выборы доступными. Все избирательные участки в регионе оборудованы с учетом потребностей людей с ограниченными возможностями. Установлены пандусы, тактильные указатели, специальные кабины для голосования и уголки с информацией на шрифте Брайля. Кроме того, для граждан с нарушениями слуха и зрения предусмотрены компьютеры и наушники, что облегчает процесс.

А что делать, если невозможно прийти на участок? В Косшы предусмотрено голосование на дому для людей с ограниченными возможностями, пожилых граждан или тех, кто ухаживает за больными. Такая мера позволяет каждому избирателю выполнить гражданский долг, независимо от ситуации. Участие в выборах становится не только правом, но и обязанностью, которая позволяет влиять на приоритеты развития города и формировать политику на региональном и национальном уровнях.

Как отмечают горожане: «Когда мы идём на выборы, мы выбираем не только людей, но и будущее нашего города». Каждый голос имеет значение и подтверждает, что участие в выборах – это реальный способ влиять на решения, которые касаются жизни в городе.

Сейтбатал КАСЫМОВ



1		2		3		4		5		6		7
				8								
9								10				
				11	12		13					
14	15		16						17		18	
			19									
20									21			
			22									
23		24							25	26		27
				28		29		30				
31								32				
				33								
34								35				

«Jana Bastau» газетінің №45 (184) санында жарық көрген
кроссвордтың дұрыс жауаптары:

Қ	А	П	А	Л		П		Н	А	Г	А	Н
А	Ж	А	Л		С	Е	С		С	О	Д	А
Т	А		А	Н	А	Д	О	Л	Ы		Ы	Қ
А	Р	А	Н		Н	А	Р		Л	А	М	А
Р		Л		Т	А	Л	А	С		С		Қ
	Н	А	С	А		Ь		А	З	А	Р	
Қ	Ұ	Б	Ы	Л	А		А	Л	А	Т	А	У
	Р	О	М	А		А		А	Л	А	Ң	
Қ		Т		П	А	Р	А	Қ		Я		Т
Ұ	Л	А	Н		Л	У	Р		А	Қ	П	А
Р	Е		А	Л	М	А	Н	И	Я		Е	Н
А	Н	А	Р		А	Н	А		К	О	Л	А
Қ	А	Р	Т	А		А		Ү	С	Т	Е	У

ТІГІНЕН:

1. Көнелік, өткен дәуірлік. 2. Ақсүйек, төре, бай адамдардың титулы. 3. Мал суаратын астаудың бір түрі. 4. Аталық түйе. 5. Тамақ пісіретін ыдыс түрі. 6. Танымал қуыршақ аты. 7. Электромобиль маркасы. 12. Рафаэлло Джованьолидың романы. 13. Қысқы спорт түрі. 15. Жүректің дамылданған кездегі артериялық қан тамырларының кернеліп тұрған жағдайы. 16. Радиоактивті химиялық элемент. 17. Алты айлық қозы. 18. Реттік сан. 23. Күрделігүлділер тұқымдасына жататын бақша гүлі. 24. Солтүстік Америкадағы үндіс тайпасы. 26. Өлексемен қоректенетін жыртқыш аң. 27. Покер ойының бір түрі. 28. Азиядағы ел. 29. Егін құралы. 30. Румыниядағы қала.

КӨЛДЕНЕҢІНЕН:

1. Күрделі сюжетті әдеби шығарма. 5. Үлкен ит. 8. Теңіз жыртқышы. 9. Біреуге арнап берілетін ерекше сый, бағалы зат. 10. Мысық тұқымдастарына жататын жыртқыш аң. 11. Той жүргізуші. 14. Бөлек бағылатын бір қора қой. 17. Жарылғыш зат. 19. АҚШ-тағы штат. 20. Электр ток көзінің оң полюсі. 21. Төрт жағы бірдей параллелограмм. 22. Саяси-әкімшілік басқару орындары орналасқан қала. 23. Кісі есімі. 25. Ауыл шаруашылығы қатысты атау. 28. Христиандарда қасиетті сурет. 31. Мәдени ошақ. 32. Хорватиядағы қала. 33. Төсеніш түрі. 34. Көкнардан алынатын улы зат. 35. Әдеби жанр.

Сөзжұмбақты құрастырған: Аршат Ораз
(жауаптары газеттің келесі нөмірінде)





ЖАС ҚАЛА ЖҰРТЫНЫҢ ЖАҢДҮНИЕСІНЕ ҮҢІЛГЕН ТУЫНДЫ

28 қарашада, сағат 18:00-де Қосшы қаласындағы Қоғамдық мәдени-спорт кешенінде жас қаламгер, драматург, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының игері Бақытбек Қадырдың «+ Qala» атты лирикалық комедиясының премьерасы өтеді. Қоюшы режиссері – Жұлдызбек Жұманбай.

Айта кетсек, «+ Qala» лирикалық комедиясы Қосшы қаласының құрылуы мен тұрғындарының ментальдық ерекшеліктерін суреттейді. Туындыда әр өңірден келген адамдардың көршілік қарым-қатынасы, урбанизация әсерінен адами байланыстардың үзілуі, кейін күтпеген оқиға нәтижесінде олардың бірігіп, шынайы достық пен түсіністік орнатуы көркем тілмен, шеберлікпен бейнеленген. Шығармада береке-бірлік пен тату көршіліктің қадірі айрықша көрсетіледі.

Бұл ретте қойылымның атауындағы «+» белгісі Қосшы қаласының тұрғындарға жақсылық пен жағымды энергия қосатын орта екенін білдіреді. Ал «+ Qala» атауының қалай таңдалғанын біз белгілі актер, танымал режиссер Жұлдызбек Жұманбайдың өзінен сұрап көрдік.

– Алдымен Qosshy ойын-сауық театрына тоқталсам, ол қаламыздың 4 жылдық мерейтойы қарсаңында қоғамдық мәдени-спорт кешенінде ашылған болатын. Жаңа театр ұжымы мәдениет үйінің шығармашылық қызметкерлерінен құралған. Театрымыз алғашқы шымылдығын жазушы, драматург Бақытбек Қадырдың «+ Qala» лирикалық комедиясымен ашқалы отыр. Алғашқы қадамымызды осылайша тарихи дүниемен бастасак деген ниет болды. Сол себепті біз жас қаланың «Қосшы» деген атауы қайдан шықты, оны кім ойлап тапқан деген сұрақтың жауабын іздедік. Сөйтсек, бұл атау кезіндегі ұжымдастыру, кеңшар құру



науқанынан қалып қойған екен. «Елге ел қосылса – құт» дегендей, Ақмола өңіріне жаңадан қосылған, қосымша бір елді мекен деген мағынада ғой. Енді бұл қаладан ешкім көшіп кетпейді, керісінше, жаңа тұрғындар қосыла береді. Сондықтан автормен ақылдаса отырып, қойылым атауына «+» (қосу) деген белгі қойдық. Ал шығарма мазмұны бір үйдің кіреберісіндегі (подъезд) 3 отбасы бастан кешкен оқиғаға негізделген. Элита, жас буын өкілі және ауыл азаматының үш түрлі көзқарасы көрініс тапқан. Сол арқылы Қосшыдағы жаңа таныстықты, ауызбіршілігімізді, жас қаланы жақсы қырынан көрсетуді мақсат тұттық, – дейді қоюшы режиссер.

Оның айтуынша, бұл лирико-комедия жанрындағы туындыда махаббат, ел, жер, Отан, қазақ ұғымы түгел қамтылады. Рөлдерді сомдайтындар: Амантай – Жұлдызбек Жұманбай, Гүлзира – Әсем Даниярова, Қанат – Ақайдар Дінмұхаммед, Салтанат – Әйгерім Шарипова, Ерлан – Әмірхан Оразбақ, Дана – Баян Жұбанова, электрик – Нұрдаулет Қауланбек, бейтаныс жігіт – Дастан Қошмағанбет, оның әйелі – Гүлден Молдахметова.

Сонымен қатар біз драматургия жанрында осымен үшінші дүниесін жарыққа шығарып отырған жазушы Бақытбек Қадырға хабарластық. «Бұл пьесамның бірінші актісі қойылған болатын. Оған Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов және белгілі драматург Жабал Ерғалиев бастаған біраз ағалар қатысты» деген автордан көрерменге «+ Qala» арқылы қандай ой жеткізгісі келгенін сұрадық.

– 2021 жылғы 27 шілдеде Президент жарлығымен Қосшы қала мәртебесін алды. Мен өзім сол жылы қыста осы қалаға орын тепкен едім. Көктем шыға қаланың тыныс-тіршілігін беретін ұнпарағы – «Jana Bastau» газеті құрылды. Қазақтың белгілі ақыны Бауыржан Қарағұлының ұсынысымен газет редакторының орынбасарлығынан, бас редакторы лауазымына дейін қызметтер атқардым. Біз осы газетті құрған алғашқы қарлығаштары болғанымызды қазір мақтанышпен айтамыз. Бүгінде жұмыс пен тіршіліктің ырғағына байланысты, бірде Астанада, бірде Семейде жүріп жатсақ та негізгі заңды тұрағымыз әлі де осында. Сондықтан мен үшін Қосшы қаласының орны бөлек, қашанда ыстық. Осы қаламен байланысты естеліктер де мол. Алғашқы «Қала сыртындағы шырқатар» романым осында жазылды. Алғашқы прозалық



жинағым да осында тұрғанымда шықты. Бұған қоса Қосшыда қазақтың көптеген ақын-жазушысы көрші-қолаң болды. Бұл ретте айтылар сөз көп. Ол – болашақтың еншісінде.

Ал «+ Qala» спектакліне келсек, айтарым аз. Бұл – махаббат лирикасы, көңіл сергітер комедия және қала өмірінің шым-шытырық хикаясы. Қалғанын көрерменнің бағасына қалдырайын, артық спойлер айтпай-ақ қояйын. Бірақ мен осы қаланың алғаш құрылған сәтін кезу болғанымызды жоғарыда айттым. Жаңа қала – ақ парақ, оны қалай жазу – біздің қолымызда...

Мені драматургияға қазақтың белгілі режиссері Жұлдызбек Жұманбай тартқан. Былтыр күз басында Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік комедия және драма театрына әдеби редактор ретінде қызметке шақырған еді. Сонда Жұлдызбек ағаның қасында жүріп, мол тәжірибе жинадым. Сөйтіп «Ар адамы. Бауыржан» деректі драма және Ыбырай Алтынсарин атамның «Бай баласы мен жарлы баласы» ертегінің негізінде жазылған «Асан мен Үсен» ертегім сол Әзаған театрында қойылды. Пьесаларым әлі де театр репертуарынан түспей жүріп жатыр, – дейді қаламгер.

P.S. Осы премьерадан кейін Qosshy ойын-сауық театрының ұжымы алдағы уақытта қала тұрғындарын түрлі жанрдағы қойылымдармен қуанта бермек.

Еркеғали БОЛАТҰЛЫ

КӨРКЕМ ГИМНАСТИКА МЕН КҮМБІРЛЕГЕН КҮЙ ӘСЕРІ

Қосшы қаласында алғаш рет көркем гимнастикадан жарыс ұйымдастырылды. Оған Астана қаласының «Огни», «Атогис», «Сапфир», «Лидер» гимнастика мектептерінің спортшылары мен Қосшы қаласының өкілдері қатысты. 3-12 жас аралығындағы 80-ге жуық қыз қатысқан бұл жарыс жас спортшыларға тәжірибе жинауға мүмкіндік берді.

Шараны алғысөзімен ашқан Қосшы қаласы әкімінің орынбасары Берген Жұмкей қатысушыларға сәттілік тіледі. Одан кейін FIG 2025-2028 жылдар ережелеріне негізделген жарыста спортшылардың дайындықтары мен өнер көрсету сапасы елімізде көркем гимнастикадан жақсы нәтижелерге қол жеткізген кәсіби спортшылар тарапынан жоғары бағаланды.

Бас төреші Әйгерім Мұхамеджанова, хатшы Гүлбахрам Темірбаева, төрешілер Камилла Бақытжанқызы, Ақмарал Жұмабек, Дана Омарова, Регина Сұлтанова, Дариға Олжабаева және Аялым Бахтияр жарыстың әділ өтуіне үлес қосты.

Қорытындысында үздік нәтиже көрсеткен гимнастшылар марапатталып, оларға арнаулы жүлделер табыс етілді. Ұй-

ымдастырушылар бұл шараның өңірде көркем гимнастиканың дамуына зор ықпал ететінін



атап өтті.

Айта кетсек, көркем гимнастика – дене сұлулығын қалыптастырып, эстетикалық тәрбие беретін спорт түрі. Онда толқынды, серіппелі қозғалыс, иіліп, бұралу, денені тік ұстау, би өнеріне тән жүріс, жүгіріс, секіру, халықтық және шалқыма би басым. Көркем гимнастикадан әлемдік чемпионаттар 1963 жылдан бері, Олимпиада ойындарының бағдарламасында 1984 жылдан бері өткізіліп келеді. Қазақстанда бұл спорт түрі 1947 жылы Алматыдағы дене тәрбиесі интернатында дамыған. Ал 1949 жылы гимнастшы қыздар арасында тұңғыш республикалық жарыс өткізілген.

Сонымен қатар Қосшы қаласына жұмыс сапарымен келген



өңір басшысы Марат Ахметжанов жоспарлы жұмыс кестесінен тыс, осы көркем гимнастика жарысы мен TURAN этно-фольклорлық ансамблінің қосшылық жас домбырашыларға арнап өткізіп жатқан шеберлік сағатына қатысты.

Бұл ретте әйгілі этно-фольклорлық ансамбльдің мүшелері

қатысушы жастар тарапынан қойылған күйлердің шығу тарихы, аспаптардың ерекшеліктері туралы сұрақтарына жауап беріп, әлемнің 140 елінің сахнасында ойнаған үздік шығармаларын орындады. Содан соң қосшылық жас күйшілер осы ансамбль репертуарындағы күйлерді жарыса шертті.

Облыс әкімі екі шараға да сәттілік тілеп, алғысын айтып, жастармен естелік суретке түсті.

Осы орайда шараны Қосшы қаласындағы Bonus шығармашылық бастамаларды қолдау орталығының басшысы, композитор Айсұлу Бақытқызының бірлесіп ұйымдастырғанын айта кеткен жөн.

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВ

Бас редактордың орынбасары,
веб-редактор
Ғанибет ҒАЛЫМБЕКҰЛЫ

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:
Мархабат АСЫЛБЕК
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор
Ерік ЕЛЕУСІЗ

Нөмірдің кезекшісі
Жанар АХМЕТОВА

• Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС,
Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
• Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 күәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

📍 Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

☎ Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

📄 Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

✉ janabastau2022@gmail.com
🌐 www.janabastau.kz